

## Созақ ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күштерін жойылды деп тану туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 2 маусымдағы № 213 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабының 8-тармағына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Созақ ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Созақ ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күштері жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Қ.Оразовқа жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*М.Исаев*

Созақ ауданы әкімдігінің  
"2" маусым 2016 жылғы  
№ 213 қаулысына қосымша

## Созақ ауданы әкімдігінің күші жойылды деп танылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. Созақ ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 мамырдағы № 150 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2660 тіркелген, 2014 жылғы 21 мамырдағы "Созақ үні" газетінде жарияланған) қаулысы;

2. Созақ ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 165 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Созақ ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 мамырдағы № 150 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3161 тіркелген, 2015 жылғы 6 мамырдағы "Созақ үні" газетінде жарияланған) қаулысы.